



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

«ТӨРЕ БІТІГІНДЕГІ» «ТӨРЕ» СӨЗІНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ошаева Камшат Шоханқызы

kamwat_@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, «Түркітану» мамандығының II-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Ү.Ә.Мұсабекова, түркітану кафедрасының доценті, ф.ғ.д.

Армян жазуылы қыпшақ тілінде жазылған «Төре бітігі» орта ғасырлардан қалған жазбаша бірден-бір заң құжаты. Біздің қолымыздағы деректерге қарағанда армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің жазылған мерзімі негізінен XVI-XVII ғасырларға тура келеді. Қырым жерінен Подолья, Румыния аумағында қоныс тепкен, ең көп шоғырланған жері Украинаның Каменец-Подольский және Львов қалалары болған армян-қыпшақтар өздерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде король тарапынан бекітілген жарғыларды пайдаланып, іс-қағаздарын жүргізіп, бәрін заңдастырып отырған. Оның дәлелі ретінде қыпшақтар қалдырған мұралардың ішіндегі соңғы кездері көптеген ғалымдардың зерттеу нысанасына айналып отырған «Төре бітігі» ескерткішін ерекше атап өтуіміз керек.

Ескерткіш 1519-1689 жылдарда жазылған, оның ішіндегі түбегейлісі 1519 жылы армян тілінен латын тіліне аударылып, поляк королі бекіткен, содан кейін Львов қыпшақ тілімен сөйлейтін армяндардың ана тіліне аударылған[1, 76].

Армян-қыпшақ ескерткіштерінің беделді маманы ретінде қазақстандық түріктанушы ғалым А.Н.Гаркавецті атасақ, «Төре бітігін» қазақ тіліне аударған тарихшы ғалым, ҚР ҰҒА академигі Ғ.Сапарғалиевтің еңбегі өте құнды бағаланып жүр.

«Төре бітігі» Армянский судебник атты әдебиеттің Поляк-Қыпшақ версиясының атауы болып табылады. «Төре бітігінің» қыпшақ версиясы қазіргі қыпшақтанушылар үшін, сонымен қатар жалпы тіл білімі үшін өте маңызды рольге ие. Бұл мақалада біз осы заң кітабының атауына негіз болып қана қоймай, оның негізгі терминдерінің бірі ретінде қолданылған «төре» сөзіне мағыналық талдау жасап, оның қазақ тіліндегі қолданылуына көңіл бөлеміз.

Белгілі ағылшын түрктанушысы Дж.Клосон бұл сөзді «*traditional, customary, unwritten law*» (дәстүрлік, әдет, жазылмаған заң) деген түсінік беріп, оның тәңірлік түркітердің саяси терминдерінің бірі болғандығын айтып өтеді. Өзінің зерттеулерінде ол Моңғол тіліндегі *döre/töre* сөздеріне сүйенеді. Осыған ұқсас зерттеуді біз неміс ғалымы Дж.Доэрфэрдің «Жаңа парсы тіліндегі түрк және моңғол элементтері» деген кітабында көре аламыз, онда ғалым «төре» сөзінің түп-төркіні моңғол тілі деп көрсетіп, фонологиялық жағынан сөзді түрлі көріністе болғандығын көрсетеді:

1) Сөздің бастапқы формасы *törü* – Көне Түрк, Ұйғыр тілдерінде және «Құтты Білік» кітабында заң, мемлекеттік мекеме, ереже, шегара ережелері, әдет мағыналарында қолданылғандығын айтады.

2) Сөздің екінші формасы *töra* болып, ол Кодекс Кумманикус және Қыпшақ тіліндегі басқа сөздіктер мен грамматикалық әдебиеттерде *töre, diire, tura, türe* көрінісіне ие дейді[2, 806].

Көне түрк тілінде VII – ғасырда жазылған Орхон жазба ескерткіштерінің бірі «Күлтегін» тас жазуының мәтіндерінде «төре» сөзі 7 рет кездеседі, олардың төртеуінде (а) аталмыш сөз *ел-жұрт* деген мағынада, екеуінде (ә) *төрелік, иелік, билік* мағынасында, ал қалған біреуінде (б) *мекен* деген мағынада қолданылған.

а) Олурыпан, түрк будуның елін, **төрүсін** – Отырып, түрк халқының **ел-жұртын**.

Табғач қағанға **елін-төрүсін** алу бірміс. – Табғаш қағанына **елін-жұртын** алдырды.

Ісіг-күчіг бірүр бұнча **төрүг** қызғанып – Ісін-күшін беріп, осынышама **ел** жинап,

Есім қаған **елін-төрүсін** анча қазғанты – Ағам қағанның **ел-жұртын** сонша молайтты.

ә) Еліг тұтып, **төрүг** ітміс – Ел ұстап, **төрелік** еткен,
Түрк **төрүсүн** ыңғынмыс будунығ – Түрк **иелігінен** айырылған халықты

б) Ечүм-апам **төрүсінче** йаратмыс, боиғұрмыс – Ата-баба **мекеніне** қайта орнатты. [3].

Көне түркі тілінде «тәртіп орнату, реттеу» мағынасын білдірген **төрүшек//төру** етістігі, ертеректе бір елдің құрамындағы тайпалардың, рулардың және жеке кісілердің қарым-қатынастарын реттеп отыратын «заң, қағида» ретінде қолданылған төру сөзі осы мағынада қазіргі кезде де кейбір тілдерде қолданылып жүр: түрікше төр – **әдет, ырым**; моңғолша төр – **құрылыс, мемлекет, өкім, билік, басқару, заң** деген сөз. Осындай мағынадағы төру сөзімен ру-тайпаның басшысын, яғни қоғамдағы немесе қауымдағы істің бәрін ретке келтіріп және басқарып тұрған адамды **төре** деп, ал оның отыратын орнын **төр** деп атап кеткен [4, 188 б.]. Осы себепті, **төру – төре- төр** сөзінің жоғарыда аталып өтілген алғашқы мағынасынан бөтен кейінгі «үйдің ішкі ең жоғарғы жағы» деген екінші мағынасы пайда болған.

Біз қарастырып отырған «Төре бітігі» ескерткішінде кездесетін заң терминдеріне: төре, төреші сөзіне келетін болсақ, төре сөзі ескерткіште өте жиі кездеседі, және берілген мәтінге байланысты әр түрлі мәнге ие. Сөз мағынасының мәтінге байланысты өзгеруіне бірнеше мысалдар келтірсек:

1. Törä – мекеме, сот.

- Bu burungi **töräda** tölamadi esa, bolur ekinçi 4-ünçi künga dirin alğay tölövga, munı bolur oderjat etmagii tōralarga kōra. Mundan artıx **törädan** küin almaga bolmastır, alay ox, kimnin imen 'ası bolsa, ya xumaşı, bolur zastavitsa bolma borçlusuna utru [1, 173-174б]. Аудармасы: Ал егер екінші **төреге** дейін төлей алмаса, мұны төре бойынша ол ала алады. Бұдан артық соттан күн (мерзім) алуға болмайды, ал кімнің қозғалмайтын мүлкі немесе тауары болса, несие берушіге кепілдікке беруге мәжбүрлесін [1, 704б].

Törägä tur – сотқа жүгіну.

- Bir kimesa **törägä turgay**, da, töräni hormätlämiyin, yanından xılıçın ya xıncalın şeşmägäy. [1, 174б]. Аудармасы: Ешкімде **сотқа жүгіну** кезінде төрені қорламасын, қылышын немесе кинжалын қынынан шығармасын [1, 704б].

2. Törä – заң, ереже.

- Da bir kimsä ki zindanda olturgay kimsänin borçu üçün, da neçik **törä** buyurtıyır, ... [1, 169 б]. Аудармасы: Егер кім болса да біреуге борышы үшін зынданда отырса, **заңның** бұйыруы бойынша..., [1, 702б].

3. Törä – құқық.

- Da egär kimesägä keräk bolsa minuta çıyarmaga diftdrdän mōhür tibinä, **töräsi** 12 ayçadır: 6-sı mōhurdandär; da 6-sı yazıçtnıdır. [1, 170 б]. Аудармасы: Егер біреуге акталік кітаптан мөр басылған үзінді көшірме керек болса, ол **құқықтың** бағасы 12 ақша: 6-уы мөр үшін, 6-уы жазушыға [1, 702б].

4. Törä – билік, билік ету, шешім шығару.

- Tıyışlıdır yarıuçıga, ki **töräni** yalız etmägäy, ... [1, 170 б]. Аудармасы: Жарғышы **шешімді** жалғыз **шығармауы** керек [1, 702б].

5. Törä – кеңес, отырыс, тыңдалым.

- Bir kimesä kimesäni voytka ündagay, voyt bergäy **törägä**, ... [1, 174 б]. Аудармасы: Егер біреу біреуді войтқа шақырса және войт **кеңесі** өткізілсе [1, 704б].

6. Töräçi – билік етуші, әкім, сот мүшесі, сот.

- Daın da bu yadar yazarbiz ögüt **töräçilärgä**, ... [1, 166 б]. Аудармасы: Тағы да осыны билік етушілерге нұсқау жаздық... [1, 701б].

Жоғарыда айтылғандардан көретініміздей «Төре бітігі» заңдар жинағында «төре» сөзі алты мағынада қолданылып тұр. Мысалдарға сәйкес оларды атап айтар болсақ: сот, мекеме, сотқа жүгіну, заң, ереже, құқық, билік, билік ету, шешім шығару, кеңес, отырыс, билік етуші, әкім, сот мүшесі, сот және т.б.

Ендігі кезекте қазіргі қазақ тілінде «төре» сөзінің қолданылу аясын қарастырсақ. Он бес томдық қазақ әдеби тілінің сөздігінде аталған сөздің бірнеше мағыналары беріледі:

1. көне. *Қазақ қоғамындағы үстемдік еткен ақсүйек. Шыңғысхан тұқымы.* Шыңғыс әулетінен Жүсіп **төренің** қызын әпермес пе ем (Жүнісов).
2. *Тұрақты, қалыпты заңдар жинағы.* Түрік жұрты елдігін жойды, **төресінен** айрылды (Мағауин).
3. **ауыс.** *Әділдік, төрелік, билік айтушы.* Бәріне өзің **төресің** (Қ.Жұмағалиев).
4. **ауыс.** *Бір тектес жанның, нәрсенің жақсысы, асылы.* Жігіттің ~сі, аққу-құстың ~сі [5, 586 б].

Қазіргі таңда қазақ тілінде «төре» сөзі көбіне ақсүйектерді, яғни Шыңғыс ханның тұқымынан шыққан қазақтың төре-сұлтандары мен олардың ұрпақтарына байланысты қолданылады. Мұнда біз «төре» сөзінің мағынасының кеңейуін көреміз, яғни кейінгі орта ғасырларда Жүсіп төре, Шыңғыс төре деп біз ол адамдардың Шыңғыс ұрпағы екенін айқындап, төре сөзін қоғамдағы әлеуметтік орнына байланысты қолдансақ, қазіргі кезде ол бүтін бір Шыңғыс ұрпақтарының жалпы атауына айналған. Қазақта үш жүзге кірмейтін төре тобының шығуын осымен байланыстыруға болады.

Мақала барысында баяндалған деректерді қорытындылайтын болсақ «төре» сөзі қолданылған ортасына байланысты әр түрлі мағынада болуы мүмкін. Қазіргі таңдағы қазақ тілінде төре көбіне Шыңғыс хан ұрпақтарын білдірумен қатар, шешім, басқарушы деген мағыналарда жиі қолданылады. Ал армян жазуымен жазылған қыпшақ тіліндегі «Төре бітігі» ескерткішінде төре сот, мекеме, сотқа жүгіну, заң, ереже, құқық, билік, билік ету, шешім шығару, кеңес, отырыс, билік етуші, әкім, сот мүшесі деген мағыналарда қолданылады. Осыған байланысты біз қазіргі қолданыстағы «төре» сөзінің мағынасының орта ғасырлардағы мағынасына қарағанда біршама тарылғандығын айта аламыз.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Кыпчакско-польская версия Армянского Судебника Мхитара Гоша и Армяно-кыпчакский Процессуальный кодекс. Львов, Каменец-Подольский, 1519-1594 / Составители А. Н. Гаркавец, Г. Сапаргалиев. — Алматы: Дешт-и-Кыпчак, Баур, 2003. — 792 с.
2. Hülya Kasapoglu Çengel. Ermeni harfli kıpçak türkçesiyle yazılmış *Töre Bitigi* ve bu eserdeki *töre, yargı, bitik* terimleri üzerine. // Gazi Türkiyat №1. — Türkiye, 2007. — 77-96 s.
3. Жолдасбеков М. Тастар сөйлейді. — Астана: Фолиант баспасы, 2002. — 194 б.
4. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1966. — 93 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. / Құрастырған: А.Жаңабекова, Т.Жанұзақ, Б.Әбілқасымов және т.б. — Алматы, 2011. 11-том, 828б